



Н У Р А

№2 (5138) сенбі

9 қаңтар 2010 жыл

Газеті 1963 жылдан шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті

Аудан әкімінің сапарынан

Басты назарда - әлеуметтік сала

Аудан әкімі С.Шайдаров жаңа жыл қарсаңында аудан орталығындағы бірқатар әлеуметтік маңызды нысандарды аралады. Ең алдымен аудан әкімі ат басын Киевка астық қабылдау пунктіне бұрып, мекеме басшысы Н.Барановпен сұхбаттасу барысында мекеменің қазіргі кезеңде атқарып отырған жұмысымен таысып, оның алдағы кезеңдегі жоспарлары жайында егжей тегжей сұрады.

Одан соң аудан басшысы №3 лицейдің филиалына келді. Онда филиал жұмысымен танысты және филиал директоры А.Көмекбаевпен әңгіме барысында, кәсіптік бағдар берудің маңыздылығына ерекше назар аударып келе, аталмыш оқу орнын мемлекеттік мекемеге айналдыру үшін қажетті құжаттарды тез арада әзірлеу және лицензия алу үшін қажетті іс шараларды облыстық білім департаментімен біріге отырып жүзеге асыруды өзімен бірге болған орынбасары Б.Шайжановқа тапсырды.

- Сонда ғана біз бұл оқу орнын толықтай қаржыландыра аламыз және оның толыққанды жұмыс істеп, аудан жастарына кәсіптік техникалық білім беруін қамтамасыз ететін боламыз-, деп қорытты аудан әкімі.

Одан соң аудан басшысы қалпына келтіріліп жатқан 18 пәтерлі тұрғын үйде болды. Тұрғын үйді қалпына келтіру үшін облыстық бюджеттен 52 млн теңге бөлінген, оның биылғы жылға бөлінгені 12 млн теңге. Жалпы көлемі 927 шаршы метр үйде 8 үш бөлмелі, 10 екі бөлмелі пәтер бар. Құрылыс басында мердігерлер "Тавис" ЖШС-нің өкілдерімен кездесіп, атқарылған жұмыстарды көзімен көрген аудан басшысы оларға ризалығын білдірді. Осы аралықта алқам салқам болып жатқан үйге толықтай үш қабат шыныланған пластикалық терезелер салынып, үй біршама бүтінделіп қалған. Үйдің төбесі жарнатылып, бөлмелердің арасындағы қабырғалар қалпына келтірі-

Бірліктің арқасында - нәтижеге

Нұра ауданының әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровтың халық алдындағы есебі

Елбасының «Жергілікті атқарушы органдар басшыларының халықтың алдында есепті кездесулер еткізу туралы» 2005 жылғы 6 сәуірдегі Жарлығына сәйкес өліміздің бүкіл аймақтарында барлық деңгейдегі әкімдердің халықпен есепті кездесулері өтіп жатыр. Талқылауға азаматтардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін есеп беру мәтіні аудандық баспасөз бетінде жарияланып, тұрғындардың әл ауқатын көтеру және жергілікті атқарушы органдардың өздеріне жүктелген міндеттерді атқару барысында халық алдында жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік туғызады.

Аудан әкімінің 2008 жылы халықпен есепті кездесулер қорытындысы бойынша бүкіл елді мекендерде 4495 тұрғын қатысып, 138 адам пікірлерін білдірді. 2009 жыл бойы халықтан түскен ұсыныс, етініштер бойынша тұрақты мониторинг жүргізіліп, оның нәтижелері жергілікті баспасөз беттерінде жарияланды. Елімізде болып жатқан оң өзгерістерді атаған 71 жағымды пікір түсті (2007 – 44 пікір). Есепті кездесулер уақытында 60 ұсыныстар түсіп, оның 32 – не кездесулер барысында жауап берілді, 26 ұсыныс бақылауға алынды. Өзекті ұсыныстар ретінде тұрғындар ауыз – сумен қамтылу, байланыс сапасы, жолдарды салу мен жөндеу мәселелерін көтерді.

Барлық ұсыныстар мен етініштер қарастырылған уақытта орындалды. Облыс деңгейінде шешуді талап ететін екі ұсыныс 2009 жылдың бірінші тоқсанында орындалады.

Қазақстан Республикасының « Жеке және заңды тұлғалардың етініштерін қарау тәртібі туралы» Заңын орындау мақсатында етініштер мен арыздарды тіркеу және қарау мәселесі бақылауға алынып, азаматтардың наразылығын туғызатын себептерге жүйелі талдау жүргізілді, оларды жою бойынша шаралар қолданылды. Аудандық « Нұра» газетінде тұрғындардың сұрақтары бойынша материалдар, сонымен қатар атқарушы органдардың сенім телефондар нөмірлері үнемі жарияланып отырды.

2009 жыл бойы Нұра ауданының әкімі аппаратына жеке тұлғалардан 387, заңды тұлғалардан 45 етініштер, ал аудан әкімінің жеке қабылдауы барысында 89 етініш түсті. Жоғары органдар арқылы 14 етініш түсті. (2008 жылда – 20), Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі арқылы – 6 (2008 – 5), облыс әкімі аппараты арқылы – 4 (2008 – 7), « Нұр Отан» ХДП арқылы – 1, облыстық білім беру басқармасы арқылы – 1, жер қатынастары басқармасы бойынша – 1, ҚР мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша басқармасы арқылы – 1, және қадағалау органдары (Нұра ауданының прокуратурасы) бойынша 1 етініш түсті.

2009 жылы түскен 387 етініштің (2008 ж. – 241): 91 – жер мәселелері, 6 – жұмыспен қамту сұрақтары, 158 – материалдық көмек көрсету, 78 – тұрғын үймен қамтамасыз ету және үй бөлу бойынша кезекке тұрғызу, 2 – денсаулық сақтау саласы бойынша, 13 – білім беру, 1 – жалақы төлеу, 8 – ауылшаруашылық мәселесі, 6 – архитектура сұрақтары және 24 – басқа мәселелер бойынша. 285 етініште көтерілген мәселелер оң шешімін тапты, 17-сі қанағаттандырылмады, 75 – не түсінік берілді, біреуі ҚР « Жеке және заңды тұлғалардың етініштерін қарау тәртібі» Заңының 7 бабының 14 тармағына сәйкес тоқтатылды, 1- қаралу үстінде, 8 – бағынышты органдарға жіберілді. Заңды тұлғалардан түскен 45 етініштер бойынша: 24 – жер мәселелері, 11 – ауылшаруашылық, 9 – құрылыс және саулет, 1 су құбырларын күрделі жөндеуден өткізу. 34 етініште қойылған сұрақтар оң шешімін тапты, 3-уі бойынша түсінік берілді, 7 – қанағаттандырылмады, 1 – қаралу үстінде.

2009 жылы аудан әкімінің жеке қабылдауында 89 азамат болды. (2008 – 95), олардың 22 – тұрғын үй сұрақтары, 10 – материалдық көмек көрсету, 22 – жұмысқа орналастыру, 11 – жер

сұрақтары, 5 – білім беру сұрақтары, басқа да мәселелер – 19. Олардың 11-і оң шешімін тапты, 75 бойынша түсініктеме берілді, 2-і бағынышты органдарға жіберілді, 1 – і қаралу үстінде.

2009 жылы Нұра ауданының әлеуметтік – экономикалық даму жөніндегі жұмыстарының негізгі бағыты ең алдымен « Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясынан» және Қазақстан Президентінің « Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» Жолдауында көрсетілгендей әлеуметтік саясат негізінде, халықтың әл – ауқатын көтеріп, аймақты жұмыспен қамту стратегиясын іске асыру және дағдарыстан кейінгі елдің дамуына бағытталған басымдықтарынан туындайды.

Жұмыс қабылданған жоспарлар мен бағдарламаларға сәйкес іске асырылуда. 2008 – 2010 жылдарға арналған Орта мерзімді әлеуметтік – экономикалық даму бағдарламасы, шағын кәсіпкерлікті дамытудың 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасы, 2009 жылдың индустриалдық инновациялық даму бағдарламасы, жұмыспен қамтудың 2008 – 2010 жылдардағы бағдарламасы, 2006 – 2010 жылдардағы агроенергетикалық кешенінің тұрақты даму бағдарламасы және тұрғын үй, коммуналдық шаруашылықты дамыту бағдарламалары бойынша іске асырылды.

Ауданда сонымен қатар 2004 – 2010 жылдардағы ауылдық аймақтарды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесінің енгізілуіне сәйкес 2009 жылы ауданның 2010 – 2014 жылдарға арналған әлеуметтік – экономикалық даму болжамы және 2010 – 2012 жылдарға аудандық бюджет пен мемлекеттік органдардың 5 жылға арналған стратегиялық жоспарлары әзірленді.

Өнеркәсіп.

Өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 2009 жылы 20684,7 млн. теңгені құрады, немесе 2008 жылға қарағанда 81,6 % (25358,6). Физикалық көлем индексі - 84 %. «Шұбаркол көмір» АҚ – да көмір өндіріс көлемі 5897 мың. тоннаны құрады, немесе 2008 жылға 89,7 %, « Тур» кенішінде марганец концентратын өндіріс – 232,3 мың. тоннаны құрады, немесе 102,9 % 2008 жылға, кокс өндіріс – 157,4 мың. тонна, немесе 70,9 % 2008 жылға. Өнімдер көлемінің төмендеуіне өнімге сұраныстың азаюы әсер етті.

Нарық заманында бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында «Шұбаркол көмір» АҚ органикалық синтез және көмірхимия Институтымен бірлесіп отырып 2010 жылдан бастап өнімділігі жылына 525 тонна құрайтын сорбент өндіру бойынша инновациялық жобаны іске асыруды жоспарлап отыр.

Негізгі капиталға инвестициялар

2009 жыл қорытындысы бойынша негізгі капиталға инвестиция 12429,8 млн. теңгені құрады, ол 2008 жылдың осы кезеңіне қарағанда – 227,9 % (5454,1 млн. теңге). Оның ішінде республикалық бюджет инвестициясы – 703,7 млн. теңге, жергілікті бюджеттен – 124,5 млн. теңге, өнеркәсіп кәсіпорындарының инвестициясы – 3481,6 млн. теңге, ауылшаруашылық кәсіпорындары – 993,3 млн. теңге, тұрғындардың жеке үй құрылысына – 974,0 млн. теңге, басқа инвестициялар – 6120,9 млн. теңге, олар « Сейсер», « Қарағанды жолдары», «Дорстрой» ЖШС-тері жүргізіп жатқан жолдарды өңдеу және күрделі жөндеу жұмыстары бойынша ИСО менеджмент сапа жүйесін енгізу

2009 жылы ИСО сапа жүйесін енгізген мекемелер саны – 10. Олар - «Шұбаркол көмір» АҚ, «Отқанжар» ЖШС-і, «Казмарганец», «Пржевальское» ЖШС-і, «Шахтерское» ЖШС-і, «Нұра ауданы әкімінің аппараты», «Қаржы бөлімі», «Кәсіпкерлік бөлімі», «Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі», «Ауыл шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемелері.

Жалғасы 2-ші бетте

Уважаемые жители района!

С 20 января 2009 года начинаются отчетные встречи акима района Шайдарова Серика Жаманкуловича. Обращаемся к вам с просьбой присылать свои замечания, отзывы и предложения о работе органов исполнительной власти, акимов сел и поселков.

Свои предложения и замечания можете направлять в аппарат акима района по адресу: п.Киевка, ул.Мынбаева,44. Для этого в здании аппарата акима района установлен ящик для корреспонденции с предложениями от населения. Также вы можете позвонить по телефонам «горячей линии» 22-4-91, 21-6-32 или передать на сайт: akimat_nura@mail.ru. Все замечания, предложения и отзывы будут изучены и обобщены для принятия соответствующих мер.

Аппарат акима Нуриноского района



луде.Ендігі кезекте автономды қазандық қойылып, су құбырлары мен канализация тартылады. Үйді электр желісіне қосу үшін трансформатор подстанциясын қою қарастырылған.

Бұл үй қалпына келтірілгенде 18 жас отбасылар мен бюджеттік қызметкерлер, жас мамандар баспаналы болады.Үйді тапсыру 2010 жылдың шілдесіне жоспарланған.

Бикен АХМЕТОВА

Сетевой график отчетных встреч акима Нуриноского района

№	Места отчета	Дата	Время	Место проведения
1	Баршино	20.01.10	10.00	Здание аппарата акима села
2	Ткенекты	20.01.10	14.00	Школа
3	Шубарколь	20.01.10	17.00	Школа
4	Талдысай	21.01.10	09.00	Школа
5	Жанбобек	21.01.10	11.30	Школа
6	Куланутпес	21.01.10	16.30	Школа
7	Соналы	21.01.10	19.00	Школа
8	Жараспай	26.01.10	11.00	Школа
9	Куланотпес	26.01.10	14.30	Сельский клуб
10	Балықтыколь	27.01.10	10.00	Здание аппарата акима села
11	Акмешит	27.01.10	14.00	Школа
12	Кертинди	28.01.10	11.00	Дом культуры
13	им.Мынбаева	28.01.10	14.30	Дом культуры
14	Щербакоское	29.01.10	11.00	Дом культуры
15	Изенда	29.01.10	14.30	Спорт комплекс
16	Байтуган	02.02.10	11.00	Дом культуры
17	Майоровка	02.02.10	14.30	Сельский клуб
18	Ахметаулы	03.02.10	11.30	Сельский клуб
19	Кобетей	03.02.10	14.30	Дом культуры
20	Пржевальское	04.02.10	11.00	Школа
21	Шахтерское	04.02.10	14.30	Школа
22	Карой	05.02.10	10.00	Школа
23	Заречное	05.02.10	12.00	Сельский клуб
24	пос.Киевка	09.02.10	15.00	Дом культуры

(Итоговая расширенная сессия Маслихата)

Бірліктің арқасында - нәтижеге

Нұра ауданының әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровтың халық алдындағы есебі

Жалғасы Басы 2-ші бетте.

2. Ауыл шаруашылығы

Мемлекет тарапынан қолдаудың арқасында ауданның агроөнеркәсіп кешені даму үстінде. 2009 жылы республика бойынша бұл салаға 217,2 млрд. теңге бөлінді, ол 2008 жылмен салыстырғанда 1,6 есе көп. Ауданның ауыл шаруашылығын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен 296,1 млн. теңге бөлінді. Олар - өсімдіктерді қорғауға, эпизоотиялық жағдайға, тұқым шаруашылығын қолдауға, асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға, мал шаруашылығы өнімділігін және өнім сапасын кетеруге, жанар-жағар майға және басқа да материалдық құндылықтарға, көктемгі және күзгі дала жұмыстарына, 1,2 репродукциялық тұқым құнын арзандатуға.

2009 жылдың қорытындысы бойынша ауылшаруашылық өнімдерінің көлемі 10780 млн. теңгені құрады, немесе 109,8% 2008 жылмен салыстырғанда. Айғақтық көлем индексі - 110,2%.

2009 жылға егіс көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 7,1% көбейіп 224,7 мың гектарға жетті. Шығымдылығы 9,1 цн/га болып жалпы жиналған астық 200,3 мың тоннаға құрады, немесе 2008 жылдағыдан 58,5 мың тоннаға көп. Бұл облыс бойынша жиналған астықтың 32,4%-ы. Өсімдік шаруашылығында бағыт саланы өртартапандыруға, ылғал қорын сақтау мен оны ылғал сақтау технологиясын қолдана отырып көң химияландыруға бағытталды. Саланы өртартапандыру мақсатында биыл 1822 га нут егілді, 261,8 га көлемінде картоп, 114 га көкөніс және 1686 гектарға майлы дақылдар егілді. 2015 жылға дейін нут егіс көлемін 2 есе, картоп 1,4 есе, майлы дақылдарды 1,2 есе көбейту жоспарланып отыр.

2009 жылы ауылшаруашылық өнім шығарушылар 3567 тонна минералдық тыңайтқыштар алынды, немесе облыс көлемінің 81%.

Аграрлық саланың бәсекеге қабілеттілігін көтеруде аграрлық ғылым мен АӨК - те инновациялық жүйе негіздерін қалыптастыру өте маңызды. АӨК дамуында жаңа идеялар, технологиялар қолдану ауылшаруашылық өндірісінің басты компоненті болады. Ылғал қорын сақтау технологиясы бойынша егіс көлемі 105,6 мың гектарды құрады, немесе жалпы егіс көлемінің 46,9%. Оның ішінде 27,0 мың гектар негдік технология бойынша, бұл 2008 жылмен салыстырғанда 2,9 есе көп. Озық технологиялар енгізу мақсатында 27 егіс комплексі және 143 комбайн алынды. Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестиция 2009 жылы 993,2 млн. теңгені құрады.

Өзекті мәселелердің бірі ауданда егістік жерлерді тиімсіз пайдалану болып отыр. Аудандағы жер көлемі 4632630 га. Оның ішінде ауылшаруашылық мақсатында - 978310 га, елді мекендер жерлері - 412231 га, өнеркәсіп жерлері - 8680, су қорлары жері - 272 га, қор жерлері - 3233137 га. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер құрамында егістік алқап - 254259 га, пайдаланбайтын егістік алқап - 72761 га, шабындақ - 25720 га, жайылым - 259804 га, оның ішінде түбегейлі жақсартылған жайылым - 44154 га.

Ауданда 327,0 мың га егістікке жарамды жер бар. Оның ішінде пайдаланбайтын-дары 72,7 мың га немесе 22,2%. Егістік жерлерді тиімді пайдалану бойынша ауданда айтарлықтай жұмыс жүргізіліп жатыр. ҚРның «Жер кодексінің» 82 бабының 2 тармағына сәйкес биыл екілетілген органмен 235 шаруашылық субъектінің жалпы көлемі 71836 га егістік алқабы бір жыл ішінде сот арқылы мәжбүрлеп қайтару шараларын қолдану үшін иесіз деп есепке алынды. Болашақта ауылшаруашылық айналымға оларды енгізу мақсатында пайдаланбайтын жерлерді қайтарып алу жұмыстары үнемі жүргізіледі.

Төмен рентабельдік шаруашылықтарды тұрақты жұмыс істейтін шаруашылықтармен ірілендіру жұмысы жүргізіледі. Оған мысал «Шахтерское» мен «Жараспай», «Отқанжар» және «Сарыарқа», «Айнабұлақ» және «Құланетпес» ЖШС-терінің арасындағы бірігіп іс - әрекет жасау шарты бойынша консорциумдар құрғаны.

Биылғы жылы пайдаланбайтын егістік жерлерді игеру үшін қаржы салушыларды тарту жұмыстары және төмен рентабельдік, ұсақ ауылшаруашылық құрылымдарды ірілендіру жұмыстары жалғастырылады.

Ауданда фермерлерді ауылдық тұтынушылар кооперативтеріне біріктіру, ірі тауар өнеркәсібін дамыту мақсатында сервистік - дайындау орталығы құрылды. Оның құрылтайшысы болып «Сарыарқа Агро» ЖШСі -70%, «Сүлейменов Н. шаруа қожалығы - 25%», «Көк Мөңдір» ауылдық тұтынушы кооперативі - 5%.

Бірінші 152,6 млн. теңге транш бойынша бұл орталық бес К - 701 тракторларын, 3 соқа, 25 тұқым сепкіш, 2 «Вектор» ком-

байнынан және МТЗ тракторын сатып алуды көздеп отыр.

Ауданда 3423 га суармалы жерлер бар. Суармалы жерлерді тиімді пайдалану мақсатында «Қарой» ЖШС - да көкөніс және картоп өсіруде инновациялық технологияларды пайдалан отырып, тамшылап суаруды енгізуді жоспарлауда.

2009 жылы шартты малдың басы және құстар 2008 жылмен салыстырғанда 2,1% өсіп 48892 басқа жетті. 2009 жылы тірі салмақта 11,8 мың тонна ет, сүт - 40,9 мың тонна, жұмыртқа 6,5 млн. және 17 мың тонна жүн өндірілді. Эпизоотиялық жағдай тұрақты.

Ауданда ауылшаруашылық өнімдерін терең қайта өңдеу 25 субъекті жұмыс істейді. Оның ішінде нан өнімдерін шағару - 19, үн шығару - 4, сүт өңдеу - 1, ет өңдеу - 1. 2009 жылы 1377 тонна үн өндірілді (2008 - 1016 тонна), 2384 тонна нан өнімдері (2008 - 2377) және 246 тонна сүт өңделді. (2008 - 351 тонна)

Ауданға инвестиция тарту жұмыстары жүргізілуде. 2009 жылы Майоровка ауылының «Нұр астық 2005» ЖШСі 4500 ірі қара мал бордақылайтын 1,8 млрд. теңгеге инвестициялық жобасын дайындады. Бұл жоба «Қазақ Астық басқару» Холдингінің комиссиясының қарауында. «Қазақ Астық басқару холдинг» АҚ институттары арқылы 690,7 млн. қаржы игерілді. Ол 2008 жылмен салыстырғанда 1,8 есе көп. «Азық - түлік кәсіп шарт корпорациясынан» көктемгі дәліс жұмыстары және егін жинау науқанына - 115 млн. теңге, «Аграрлық несиесі корпорациядан» - 72 млн. теңге, «Нұра астық» ЖШС-нен 113,7 млн. теңге, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорынан» - 26,5 млн. теңге, техникаларды жаңартуға «Қазақрофинанс» арқылы лизинг бойынша 363,5 млн. теңгеге техника алынды.

Ауданда 17 жасанды ұрықтандыру пункттері бар. Олардың жұмыс істейтіні 15. «Мал шаруашылығын асылдандыру «Асыл түлік» республикалық орталығы» АҚмен тығыз жұмыс жүргізіледі. Осы Акционерлік қоғамның ғалымдарының қатысуымен аудандық семинар өткізілді.

Мал шаруашылығының тиімділігін арттыруда өнімділікті көтеру аса маңызды. Бұл бағытта «Қайнар» мен «Отқанжар» ЖШС-тері жұмыс істеп жатыр. Өкінішке орай осы жұмысқа жеке секторда тиісті кеңіл бөлінбейді. 2008 жылы «Асыл түлік» АҚ - нан 5479 доза ұрық әкелінін 2670 тел алынды. 2009 жылы 1530 бас мал жасанды жолмен ұрықтандырылды. Мал шаруашылығын дамытуға, малдың өнімділігін көтеруде жүйелі шаралар қолдану қажет. Ол шаралар малдардың генетикалық потенциалын көтеруге мақсатталған жұмыс жүргізуге мүмкіншілік береді.

Сонымен қатар ветеринария саласында да мәселелер бар. Ауыл шаруашылық жануарларын сәйкестендіру деңгейі төмен. Малдарды сәйкестендіру жұмысы жергілікті атқарушы органдардың құзырына берілген және мал иелері есебінен жүргізіледі. Сондықтан көрсетілетін қызмет өте қымбатқа түсетіндіктен меншігінде көп мал иелері сәйкестендіруден бас тартады.

Жеке меншіктегі мал союда ветеринарлық - санитариялық нормалар сақталмайды. Заңмен бекітілген ереже бойынша мал сою белгіленген пункттерде міндетті түрде ветеринариялық - санитарлық экспертиза өткізілуі қажет. Осыған байланысты 2010 жылы мал сою пункттерінің құрылысы жоспарланған.

Агроөнеркәсіпті мемлекеттік қолдау, ауыл шаруашылығының инновативтік дамуы халықтың өмір сапасының көтерілуіне оң әсер етеді. 2009 жылы дамуы потенциалы жоғары елді мекендер саны 9 дан 17 дейін көтерілді, осыған байланысты даму потенциалы орта елді мекендер саны 26 дан 20 дейін азайды.

Даму потенциалы төмен елді мекендер саны 3тен 1ге дейін азайды. Жоғарғы потенциалды елді мекендер санының көбеюіне: кәсіпкерлік белсенділік, шаруашылықтың техникамен қамтылуы, жер құнарлығы, ауыз сумен қамтамасыз етілуі, экологиялық қауіпсіздік, оң ықпал етті.

Кәсіпкерлікті дамыту

ҚРның «Жеке кәсіпкерлік туралы» заңын іске асыру мақсатында ауданда «Шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бағдарламасы» жүзеге асырылуда. Ауданда кәсіпкерлер кеңесі, эксперттік кеңес, аудан өкімшілігі жанындағы орта және шағын бизнес сұрақтары бойынша комиссия жұмыс атқарады.

2009 жылы аудандағы шағын кәсіпкерлік субъектілер саны 992ге жетті, немесе 2008 жылға 107,7%. Шығарылатын өнім көлемі 2008 жылға қарағанда 13,4% көбейіп 2760,7 млн. теңгені құрады. Шағын бизнесте 2826 адам қамтылған, немесе 2008 жылға қарағанда 20,3% көбейді.

2009 жылы аудан кәсіпкерлерімен 101 млн. теңге несиесі алынды, немесе 2008 жылға 150,5%. «Нұра астық» АНС - н 58,7 млн. теңге, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорынан» -26,5 млн. теңге, «Асар көмек» шағын несиесі ұйымынан - 8,8 млн. теңге, «Агронесиелік корпорациядан» -7,0 млн. теңге.

2009 жылдың басынан 10 жаңа кәсіпорын тіркелді, оның ішінде: 2 құрылыс саласында, 7 - саудада, 1 - келікте. «Жігер» және «Көкмөңдір» ауылдық тұтынушылар кооперативтері тіркелді.

Бюджеттік саясат

2009 жылы аудан бюджеті 2408,7 млн.теңгені құрады, немесе 2008 жылға қарағанда 34,6% көтерілді.

Жалпы сипатта алынған трансферттер - 1164,7 млн. теңге, республикалық және облыстық бюджеттен мақсатты трансферттер - 962,2 млн. теңге (РБ - 827,6 млн. теңге, және ОБ - 57,9 млн. теңге). Салық заңнамасындағы өзгерістерге байланысты түсімдер азаюының орнын толтыруға облыстық бюджеттен - 76,7 млн. теңге. 2009 жылы салық түсімі 263,9 млн. теңге, орындалуы 102%. Бюджет шығысында ағымдағы шығыстары 1554,1 млн. теңге, күрделі сипаттағы шығындар - 124 млн. теңге (МТБ нығайту - 50,9 млн. теңге және күрделі жөндеу - 73 млн. тнғ), даму бюджеті - 730,6 млн. теңге. Бюджеттің негізгі шығыны әлеуметтік салаға - 2083,3 млн. теңге, немесе бүкіл шығындардың 86,5% құраған. Бюджеттік инвестиция көлемі 2009 жылы 98% көбейіп 716,5 млн. тнғ болды. Оның ішінде республикалық бюджет есебінен - 645,3 млн. теңге, облыстық бюджеттен - 57,9 млн. теңге және аудандық бюджеттен - 13,3 млн. теңге.

Республикалық бюджет қаржысынан 62,7 млн. теңгеге Майоровка ауылының, 157,7 млн. теңгеге Пржевальское ауылының, 398,9 млн. теңгеге Киевка кентінің су құбырлары қайта жөндеуден өтті. Облыстық бюджет есебінен бөлінген 37,9 млн. теңгеге Жараспай ауылының су құбырлары құрылысы аяқталды. Республикалық бюджеттен 22 млн. теңгеге жалға берілетін коммуналдық тұрғын үйлер салынды, жергілікті бюджет есебінен Киевка кентінде 8 млн. теңгеге бір пәтерлі тұрғын үй салынды. Облыстық бюджет трансферттері есебінен Киевка кентінде 18 пәтерлі үйдің қайта қалпына келтіру жұмыстары басталды, аяқталуы 2010 жылы, жалпы бөлінген қаржы көлемі - 52 млн. теңге. Аудан бюджет есебінен 83,7 млн. теңгеге білім беру және мәдениет объектілерінде күрделі және ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілді. 30 млн. теңгеге ауыл ішіндегі жолдар орта және ағымды жөндеулерден өтті. Елбасының «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты Жолдауын орындау мақсатында және аймақтық жұмыспен қамту стратегиясына сәйкес «Жол картасы» аясында 2009 жылы қаржыландыру көлемі 130,9 млн. теңге 31 объект белгіленді. Осы объектілерде 648 жұмыс орындары ашылды. Оның ішінде ауыл клубтарының ағымды жөндеуіне 20,6 млн. теңге, 123 жұмыс орны, 54 млн. теңгеге мектептердің ағымды жөндеулері, 319 жұмыс орнымен, коммуналдық шаруашылық объектілерінің ағымды жөндеулері - 9,1 млн. теңгеге, 53 жұмыс орнымен, ауыл және кент ішіндегі жолдарды ағымды жөндеуден өткізуге - 17,2 млн. теңге, 11 жұмыс орнымен, «Киевка - Осакаровка» жолының ағымды жөндеуіне - 30 млн. теңге, 42 жұмыс орны құрылды.

Халықтың өмір деңгейінің маңызды көрсеткіші болып қол ақша ретінде түсетін табысы табылады. Оның негізгі құрамы жалақы. Жылдан жылға жалақы көлемінің өсуі байқалады. 2009 жылы ортаайлық жалақы 2008 жылмен салыстырғанда 42503 теңгеден 52732 теңгеге көтерілді.

2007 жылы бюджеттік ұйымдар жалақы қоры 939,9 млн. теңге болса, 2008 жылы - 1031 млн. теңге болды, көбейуі - 9,7%, 2009 жылы 1312,1 млн. теңге, 2008 жылмен салыстырғанды өсуі -127,2%.

Коммуналдық меншік

2009 жылдың 27 желтоқсанына қарағанда 83 мемлекеттік мекемелер тіркелген, 2 - МКМ және 3 - КГКП, негізгі құралдарының құны 1038,5 млн. теңге. Аудандық коммуналдық меншіктің тізбесінде есепте жалпы құны 695 млн. теңге болатын 159 ғимарат, 183,9 млн. теңгенің 106 ғимараты тұр. 2009 жылы коммуналдық меншікті жалға беруден аудандық бюджетке 386,0 мың теңге түсті. 2009 жылы 9,0 млн теңгеге сәйкестендіру құжаттары дайындалды, оның ішінде: - 4 су құбыры (Баршын, Құланетпес, Изенді, Соналы ауылдарында)

- 10 клубтар (Жараспай,Кобетей, Заречное, Құланетпес, Байтуған, Ахметауыл, Жаңақұрлыс, Мынбаев, Изенді ауылдарында және Киевка кентінде) - Киевка кентіндегі 3 жаңа үй - 19 елді мекендегі күл - қоқыс орындары - 15 елді мекендегі ауыл ішіндегі жолдар, - Шұбаркөл кентінің электр желісі ЛЭП және КНС, Киевка кентінің жарық беру бағандары, спорткомплекс ғимараты. Сот шешімі бойынша аудандық коммуналдық меншікке 27 объект қабылданды, оның ішінде 20 пәтер, 6 ғимарат, Өндіріс ауылының су құбыры. 2009 жылы әділет басқармасына есепке 6 иесіз объектілер қойылды. «Каратал» КММ- н ба-

лансында 10 су құбырлары тұр. «Каратал» КММ-ның жарғылық капиталы 2008 жылға қарағанда 4,4 есе өсіп 1021,1 млн. теңгеге жетті.

Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық сумен қамтамасыз ету.

Ауданда мемлекеттік «Ауызсу» бағдарламасына сәйкес аудан тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін бірінші кезекті іс - шаралар белгіленген.

Елді мекендерді сумен тұрақты қамтамасыз етуге жаңаларын салып, бар су құбырларын қайта өңдеу жұмыстарынан өткізу көрек.

Орталықтырылған сумен қамтылған 19 ауыл, немесе аудан халқының 67,2%-ы. Өзекті мәселе болып тұрған Ислам даму банкісінен қаржыландыруды жоспарланған су құбырларын қайта жөндеу. 2010 жылы қаржыландыруды республикалық бюджеттен қарастыру жұмыстары жүргізіледі.

Жарық беру

Ауданда 1745 км электр беру желілері, 29 электроподстанциялары және 318 КТП бар. Электрқуатымен қамтылмаған елді мекендер жоқ. 2009 жылы қолданыстағы электр желісінің ұзындығы 231,55 шақырымына 12,5 млн теңгенің күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген. Ауданның электрмен жабдықтаудағы проблемалы мәселелерінің бірі электрталымдау (93%) мен күш беретін жабдықтардың (73%) тозуы, осыған орай осы нысандарға қайта құруды жүргізу қажет.

Шұбаркөл кентінің иесіз жатқан желісі коммуналдық меншік иелігіне алынды. Инновациялық бағыттардың бірі болып энергияны үнемдеу болып табылады. Электр энергиясының (қуатын) тапшылығын төмендету үшін техникалық қайта жарақтандыру, ауданның істегі электртұтыну нысандарын қайта жабдықтау, нормативтен тыс шығынды төмендету, энергияны үнемдеу жабдықтарын енгізу, энергия тиімділігін жоғарылату іс шаралары қолданылуда. Осы мақсатпен 2008 жылдың 3 қазанында аудандық мәслихат сессиясымен «ЭНЕРГИЯҮНЕМДЕУ 2009» бағдарламасы қабылданды.

Электр энергиясының шығынын азайту мақсатында Қарағанды облысы әкімі мен «ENRC» ЖШС арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумы бойынша, бөлінген қаржы есебінен 10,5 млн.теңгеге жаңа аз энергия жұмсайтын күш беретін жабдық орнатуды оңтайландыру (оптимизация) және электр жүйелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2009 жылы білім беру нысандарында 18 VPS (1,5 кВт) типті циркуляциялық моноблок насостарысатып алынып орнатылды. Соның нәтижесінде 2009-2010жж АСО электр қуатының жұмсалуды 544,3мың кВт- тан 136,1 мың кВт төмендейді және 400 мың кВт электр қуатының немесе 5,2 млн. тг. үнемді құрайды. Ауыл ішіндегі автомобиль жолдары.

Ауданның ауыл ішіндегі автомобиль жолдарының ұзындығы 212,1км. құрайды. Жыл сайын ауыл ішіндегі автомобиль жолдарының жөндеу жұмыстарына аудандық бюджеттен қаржы бөлінеді. 2009 жылы тұрғылықты жерлердің ішіндегі кеше жолдарының жағдайын жақсарту үшін Киевка кентінің, Щербакөв, Изенді, Ахметауылы ауылдарына орташа жөндеу жұмыстары жасау үшін 30,0 млн. теңге қаржы бөлінді. «Жол картасы» шеңберінде жалпы сомасы 17,2 млн. теңгеге Баршын, Байтуған, Көбетей, Майоровка, Қарой ауылдарының ауыл ішіндегі автомобиль жолдарына ағымдағы жөндеу жүргізілді. Аудандық маңызы бар автотолдардың ағымдағы жөндеу жұмыстарына және ұстауға 2009 жылы облыстық бюджеттен 18,1 млн. теңге бөлінген.

Абаттандыру.

Көпшілік пайдалану орындары абаттандырылуда: Киевка кентінің орталық саябағын қайта құру бойынша жұмыстары 7,0млн. теңгеге жалғастырылды. Демалушылар қаражатының есебінен 4 балалардың ойын алаңы мен 1 спорт алаңы салынды. Оның ішінде Киевка кентінде 3 балалар алаңы және Шұбаркөл кентінде Қарағанды облысы әкімі мен «ENRC» ЖШС арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумы бойынша бөлінген қаржы есебінен салынған 5,5 млн. теңгеге 1 жасанды жасыл көгалмен кемкерлген спорт алаңы және бір балалар алаңы салынды. Тұрғылықты жерлердің санитариялық жағдайын жақсарту үшін 7,0 млн. теңге, абаттандыру мен кегалдандыру үшін 2,0 млн. теңге бағытталған.

7. Басымды бағыттардың бірі білім беру болып табылады.

Жыл сайын білім беру саласына жұмсалатын шығын есірілуде. 2009 жылы білім беруі саласына жұмсалған қаржы 1119,0 млн. теңгені құрады, (2008 жылмен салыстырғанда білім беру саласының бюджеті шамамен 250, млн. теңгеге өсті). Жалпы білім беру қоры 2009 жылы 11,3 млн. теңгені құрады, 2008 жылға қарағанда 27%-ға өсті.

Білім беру ұйымдарының ағымды және күрделі жөндеу жұмыстарына жұмсалатын қаражатты өсіруге мақсатты түрде жұмыс жүргізілуде.

Егер 2008 жылы 56,0 млн. теңге бөлінсе, 2009 жылы осы мақсатқа 110,0 млн.теңге бөлінді. Өсімі 96% . 22 мектепте күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізілді. Білім беру саласына бөлінген қаржыландыруды жыл сайын өсіру оң нәтижелерін беруде: аудан көлемінде апаттық жағдайдағы мектептер жоқ оқушылардың 80%-ы бір ауысымда оқиды.

Жалғасы 3-ші бетте

Бірліктің арқасында - нәтижеге

Нұра ауданының әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровтың халық алдындағы есебі

Жалғасы. Басы 2-ші бетте

Соңғы 2 жылда материалдық техникалық базаны нығайтуға 106,1млн. астам теңге жұмсалған, бұл қаражат жаңа мектеп жиһазын сатып алуға, физика, химия, биология, кабинеттеріне жабдық алуға, мектептерді спорттық құрал жабдықпен, компьютерлермен, лингафондық құралдармен толықтандыруға мүмкіндік берген. Соның нәтижесінде кабинетпен қамтамасыз етілу 2008 жылғы 32 %-дан 2009 жылы 38 %-ға өсті.

Білім беруді дамыту аймақтық бағдарламасымен қарастырылған шаралардың арқасында мектептерді компьютерлендіру бірталай табыстарға жетті. Жыл сайын компьютер паркін толықтырудың арқасында 1 компьютерге 7 оқушыдан келетін болды. 13 мультимедиялық кабинет орнатылып, іске қосылды, мектептерде бастауыш мектеп, орта және жоғарғы топ (буын) оқу жоспарының пәндері бойынша электрондық оқулықтары бар. 11 интерактивті тақталар орнатылған, мектептердің 100% интернетке қол жеткізген. Бірақ сонымен қатар байланыстың бәсең болуына байланысты жалпақжолалық интернетке қол жеткізу қиын болып отыр. Ол үшін барлық байланыс жүйесін жетілдіру қажет, ол дегеніміз талшықтық-оптикалық байланыс желісін орнату керек. Білім беру саласының өзекті мәселесі болып интернетке шығу жылдамдығының баяулығы болып табылады. Жаңа жылдың басында Қазақтелеком сервисінің кеңейтілуінің арқасында ауданның Киевка кентінің үш мектебі жалпақжолалық интернетке шығуға мүмкіндік алып отыр.

Осының бәрі аудан оқушыларына тиімді ақпараттық – оқыту ортасын қамтамасыз етуге және оқыту-тәрбиелеу сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. ҚР Үкіметінің «Білім беру ұйымдары желісін кепілді нормативін бекіту туралы» 2007ж.21.12 № 1256 қаулысын жүзеге асыру мақсатында Нұра ауданы әкімдігі 2009ж. 21 маусымдағы № 12/06 қаулысымен 9 білім беру мекемесі қайта құрылған – 4 – негізгіге, 5 – бастауышқа. Балаларды мектептеріне жеткізуді ұйымдастыру мәселесі 100% шешілген. Мектеп жанындағы интернет оқушыларының білім сапасы 12 % көтерілген. Оңтайландыру нәтижесінде үнемдеу сомасы 22,9 млн. теңгені құрайды.

Аудан бойынша барлығы 2093 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. 2009 жылы 1-4 сынып оқушыларының тегін тамақтануына жергілікті бюджеттен 17,7 млн. теңге бөлінген. 1 балаға орташа норма 458 кКал құрайды. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету 2008 жылғы 37 % -дан 2009 жылы 76%-ға өсті. Бір оқушыны қамтамасыз ету шығыны 2009 ж. 15,3%-ға өсіп 199,6 мың теңгені құрайды.

2008 жылмен салыстырғанда ҰБТ бойынша орташа балл 8,8 баллға өсіп 2009 жылы 70,3 баллды құрады. Бұл дегеніміз облыс бойынша ауылдық аудандар ішінде төртінші орын. 2009 жылы «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 56 педагог келді. Олардың ішінде жоғарғы білімі бары – 24, орта кәсіби білімі бары – 24. Ауылдық жерлердегі әлеуметтік сала мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету шараларын жүзеге асыру мақсатында әрбір маманға 90,7 мың теңге көлемінде көтерме жәрдем ақысы төленді.

Мектепке дейінгі білім беру саласына ерекше көңіл бөлінеді. Аудан мектептерінің жанында 1010 бала қамтылған 28 кіші-орталық қызмет етуде. Киевка кентінің мектепке дейінгі «Алтын дән» мекемесінде 120 бала тәрбиеленуде. 2009 жылы мектепке дейінгі білім беру көлемі 92%-ға өсті. Ауданның мектепке дейінгі ұйымдарын қайта жаңғырту бойынша аймақтық бағдарламасын жүзеге асыру аясында жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы мен Ресейдің жоғарғы оқу орындарымен бірлесіп жұмыс жүргізілуде: Қарағандының «Болашақ» университеті, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ, Л.Н. Гумилев атындағы Евразия университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Томск Мемлекеттік университеті.

ЖОО-мен бірлесіп жұмыс жасау түрі - кәсіптік бағдарлау, пәндер бойынша бірлескен олимпиадалар өткізу, қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалану, 11 сынып оқушыларын мектеп бағдарламасы негізінде тестілеуден өткізу болып табылады. Қашықтықтан оқыту нәтижесінде мектеп бітірушілер оқыту гранттары бойынша Мәскеу мемлекеттік университетінде және Томск Мемлекеттік университетінде оқуын жалғастырады. Сонымен қатар мектеп бітірушілер – жоғарғы оқу орындарына білім грантының иелерінің саны көбейуде. Мектеп бітірушілер – жоғарғы оқу орындарына білім грантының иелерінің саны 2008 жылғы 35 – тен 2009 жылғы 42-ге көтеріліп, 2009 жылғы түлектердің 23%ын құрайды.

Инновациялық технологиялық оқытуды енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Халықаралық «Білім беруді дамыту барысында шағын мектептердегі жұмыс мазмұны және оны басқару» семинарында (Алматы қ. 2009ж.) «Толықтырылмаған мектеп жағдайында инновациялық технологиялық

оқытуды пайдалану» атты тақырыптағы жобаның тұсау кесері сәтті өтіп, ол халықаралық конференция жинағына енді. Киевка №3 мектебі мен Шалабеков атындағы жалпы білім беру мектебі «Денсаулықты нығайтуға үлес қосушы мектеп» жобасының Еуропа-лық желісіне енгізілді.

Республикалық «Жастар-2009» конкурсына Мыңбаев атындағы орта мектептің тарих пенінің мұғалімі Ханнанов Рүстемнің жұмысы ұсынылып, «Ең үздік ауыл мұғалімі-2009» номинациясының жүлдесіне ие болды. Ауданның 29 ұстазының есімі Республикалық Құрмет кітабына енгізілген.

Педагогика қызметкерлерін ынталандыру мақсатында 2009 жылы ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі бойынша ауданның үздік мұғалімдеріне бір миллион теңге көлемінде ақшалай сыйлық берілді. Бекітілген Ережеге сәйкес 10 мұғалім пәндер бойынша үздік көрсеткіштері үшін 100 мың теңге көлемінде ақшалай сыйлыққа ие болды. Бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижесі бойынша Киевка кентінің №2 мектебінің педагогикалық ұжымына «Даналық пен білімділік символы» ауыспалы кубогі табыс етілді.

Өткен оқу жылында үздік оқығаны үшін 3 «Алтын белгі» иелеріне демеушілер қаражатынан құнды сыйлықтар - компьютерлер табыс етілді. Мұғалімдер мен оқушыларды ынталандыру биылғы жылы да жалғасын табады.

Білім беруді дамыту биылғы жылы да оқыту деңгейін, білім сапасын жоғарғы, қазіргі заман талаптарына сай жетістіктерге жеткізуге, бастауыш және орта білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға теңестіруге бағытталған.

8. Ауданда мәдениетті дамыту өте маңызды орын алады.

Бүгінгі таңда ауданның әлеуметтік – мәдени инфрақұрылымы 67 мәдени нысандармен белгіленген. 29 клубтық құрылымдардың 17-сі мемлекеттік немесе 59%, 12-сі жеке меншік немесе 41%. 2009 жылы сот шешімімен мемлекеттік жүйеге Ізенді, Құлтанөтпес (Теңіз аймағы), Ақмешіт ауыл клубтары тапсырылды. 2009 жылы мемлекеттік мәдени мекемелер желісінің ұлғаюына байланысты қаржыландыру 2 есеге дейін өсіп 144,0 млн.теңгені құрады. Нысандарды күрделі жөндеуден өткізу үшін шығын көлемі 2008 жылға қарағанда 73% ға өсіп, 49,0 млн. теңгені құрады. 2009ж. жергілікті бюджеттен 4 мәдениет нысандарын жөндеуге 28,5 млн.теңге бөлініп игерілді (Байтуған -10 млн., Көбетей – 6,5 млн., Құлтанөтпес – 4,5 млн., «Тәуелсіздік» саябағы-7,5 млн., теңге). Бұдан тыс «Жол картасы» бойынша 4 нысанды ағымды жөндеуден өткізуге 20,6 млн. теңге қаржы бөлініп игерілді (Заречное клубы - 5,1млн. теңге, Тассуат ауылының клубы – 4,2 млн теңге, Ахметтауылы клубы – 5,3 млн теңге, Киевка кентінің кітапханасы – 6,0 млн теңге).

Аудан тұрғындарына 35 мемлекеттік кітапхана қызмет көрсетеді. Тоғыз кітапхана модельді болып саналады, 16 кітапхана немесе 47% Интернетке қосылған. Барлық кітапханалар компьютерлендірілген. 28 кітапхана телефондандырылған немесе 80%.

Ауыл тұрғындарының мәдениет деңгейін көтеруде керемөнерпаздармен жұмысты дамыту өте үлкен рөл атқарады. Клубтық құрылымдардың саны 2008ж. 93-тен 2009ж. 98-ге дейін өсті («Ақ әжелер» ансамблі, «Ягодка», «Лебіз» вокалдык топтары, «Жадыра» вокалдык-хореографиялық ансамблі, «Серпін» драмалық үйірмесі). Айта кету керек, тұрғындардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша оларды барынша жалпы маңызы бар шараларға тарту жұмысы жолға қойылған, себебі мәдениет мекемелерінің қызметі арқылы қоғамның бірлігі мен нығаюы жүзеге асырылады. 2009 жылы 12 аудандық фестиваль мен конкурстар өткізілді. 7 өнерпаздар коллективі облыстық сайыстарға қатысты. «Әз наурыз» сайысында мәдениет бөлімі ұсынған жоба жүлделі орынды жеңіп алды.

Биылғы жылы да маман кадрларды тарту бойынша, фестивалдар мен сайыстар арқылы өнерпаз таланттарды анықтау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Жалпы мәдениетті дамытуға қолайлы жағдай жасау ары қарай жалғастырылады.

9. Денсаулық сақтау саласы ерекше көңіл бөледі талап етеді.

Ауданда 28 денсаулық сақтау мекемесі қызмет істейді. Мемлекеттік желіде 2 нысан бар, немесе 7,1%. Қалған ғимараттар, 92,9% жеке меншік иелігінде. 2009 жылы жылдық қаржыландыру көлемі 222 835,7 мың теңгені құрады, немесе 2008 жылға қарағанда 119,4% (2008ж 186 613,3 мың теңге). Ауру түрлеріне қарай емделушілер 19,0 млн теңгені дәрі дәрмегімен тегін қамтамасыз етілген. Медициналық көмек көрсету сапасы мен қол жетімділігі бойынша халықтың денсаулығын сақтау саласының мемлекеттік саясатының негізгі принциптерін жүзеге асыру бойынша

